# KASE
# АПТАЛЫҒЫ
## 22 – 26 қаңтар, 2018



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE өзінің Telegram арнасы қосымшасына дивидендтер туралы ақпаратты қосты.
- KASE, өтеуге дейін 360 және одан аса күн қалған, индекстелмеген МБҚ нарықтық бағалауын жүзеге асыру үшін қажетті Базалық кезеңнің ұзақтылығын ұзартты.
- 2018 жылдың 23 қаңтарынан бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін жыл сайын марапаттау Ережесіне түзетулер енгізілді.
- 2018 жылдың 24 қаңтарынан бастап Қазақстан қор биржасында МБҚ-мен автоматы репо нарығында жаңа қаржы құралының сауда-саттығы ашылады, репо операциясы құралдары ретінде пайдалануға Банк ЦентрКредит жай акцияларына рұқсат берілген.
- KASE 2018 жылдың ақпан-наурыз айларына өтімділігі бірінші, екінші және үшінші кластарындағы акциялардың тізімдерін қалыптастырды.
- 26 қаңтардан бастап KASE өкілеттік таңдау болмағандықтан, KASE_BA* сериясы индикаторларын есептеуді тоқтатты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Банк ВТБ Еншілес ұйымы АҚ (Қазақстан) "Нұрлы жер" бағдарламасы аясында тұрғын үй нысандарын қаржыландыруды бастағаны туралы хабарлады.
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы АҚ 8,0 млн өзінің индекстелген купондық облигацияларын он екінші рет жартылай сатып алғаны туралы хабарлады.
- Қазақстан Даму Банкі алғашқы жел электр стансасы кешенінің құрылысын қаржыландырғаны туралы хабарлады.
- 02 ақпаннан 19 ақпан аралығында Қазақстан қор биржасында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ 85,0 млн жахандық депозитарлық жазылымды, сондай-ақ 410 237 жай акцияларын сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізіледі.
- Tethys Petroleum Limited Компаниясы (Кайман аралы) компанияның жай акцияларын сатып алу бойынша екі инвестордан ұсыным алғаны туралы хабарлады.
- "ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдингі Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорының қаражаты есебінен оның облигацияларын 60,0 млрд теңгеге сатып алғаны туралы хабарлады.
- Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Халык - Казахинстрах" АҚ жалғыз акционерінің компанияны "Казкоммерц-Полис" Сақтандыру компаниясына біріктіру арқылы ерікті түрде қайта құрғаны туралы хабарлады.
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы АҚ "КМГ Кашаган Б.В." ЖШЖК 50%-дық үлесін сатып алуға опциондық келісімнің орындалу мерзімін ұзартқаны туралы хабарлады.
- KAZ Minerals PLC Компаниясы (Біріккен Корольдігі) Ақтоғай ТКБК өндірісін кеңейту жобасын бекіткені туралы хабарлады.

KASE Индексі бесінші апта қатарынан оң үрдіс көрсетіп келеді. Апта қорытындысы бойынша Индекс 1,79% өсіп 2 360,46 нүктені құрады. Индекске кіретін қағаздар апта бойы раллиден кейін табысты тұрақтандыру жағдайында түзетілу үстінде. Тек жұма күні телекоммуникациялық сектор акциялары өскеннен кейін ғана тред ауысуы етек алды.

**KASE индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




| 26.01.2018 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| **KASE Индексі** | **2 360,5** | **1,8** | **9,9** |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| РД КазМунайГаз (прив.) | 13 706,1 | 23,4 | 17,1 |
| Банк ЦентрКредит | 219,3 | 8,04 | 13,6 |
| **Народный банк** | 106,6 | 5,4 | 26,9 |
| **РД КазМунайГаз** | 26 216,0 | 4,3 | 0,4 |
| **Казахтелеком** | 25 600,0 | 4,0 | 22,5 |
| Сбербанк (Россия) | 1 429,2 | 2,45 | 10,6 |
| **KEGOC** | 1 420,0 | 1,7 | 5,0 |
| **Kcell** | 1 670,0 | 1,2 | -1,8 |
| Bank of America | 10 358,4 | 0,9 | 4,4 |
| БАСТ | 56 650,0 | 0,6 | 0,6 |
| QAZKOM (прив.) | 105,0 | 0,0 | 33,8 |
| Банк ВТБ (Россия) | 0,3 | 0,0 | 3,6 |
| Банк Астаны | 1 210,0 | -0,1 | -4,0 |
| АЗМ | 11 932,4 | -0,2 | -0,3 |
| Газпром (Россия) | 840,0 | -1,4 | 12,3 |
| **КазТрансОйл** | 1 435,0 | -1,7 | 7,4 |
| Аэрофлот (Россия) | 840,0 | -2,3 | -0,2 |
| **KAZ Minerals** | 3 960,0 | -3,5 | 7,6 |
| Казахтелеком (прив.) | 10 300,0 | -4,4 | 23,8 |
| QAZKOM | 81,1 | -22,0 | -22,7 |

Апта қорытындысы бойынша Халық банк акциялары өскені байқалады, олардың өсімі тарихи максимумды жаңартты. Банк акциялары 5,42%-ға өсіп, 106,57 теңгені құрады. Осы қағаздар бойынша ралли түзетуден кейін жалғасуы мүмкін. Акциялардың едіуір өсуі Sberbank CIB сарапшылары Халық банктің ЖДҚ мақсаттық бағасын $16 арттырған соң орын алғанын естеріңізге сала кетейін, ол ағымдық бағам бойынша шамамен бір акцияға 128 теңгені құрайды. Кейінірек Фридом финанс сарапшылары акциялардың мақсатты бағасын 115 теңгеге дейін арттырды.

РД ҚазМұнайГаз БӨ акциялары 4,3%-ға артып, 26 216,00 теңгені құрады. Сейсенбі күні Компанияның Директорлар кеңесі Қазақстан қор биржасында шығарылған немесе шығаруға жататын компанияның барлық жай акцияларын бір жай акцияға бағасы $84 сатып алу туралы ұсынысын іске қосқаны туралы ұсынысын бекітті. Сатып алу теңгемен жүзеге асады, яғни осы акциялардың бағасы алдымен доллар бағамының өзгеруіне әсер етеді. Сонымен, жұма күні Компания 2017 жылға өндірістік есебінұсынды, ол есепке сәйкес мұнай өндіру көлемі 11 млн 867 мың тоннаны құрады, ол 2016 жылмен салыстырғанда 2% төмен.

Апта қорытындысы бойынша кірістілік артқаны байқалады. Бір күндік своптар бойынша кірістілігі 45 б.н. артып, жылдық 8,72% құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада бір күнге 2 б.н. өсіп, жылдық 8,77 % құрады.

Ұлттық банк бір аптаның ішінде биржадан тыс жалпы көлемі 1 471,2 млрд теңге жеті шығарылымды орналастырды. Жеті күндік ноттары бойынша кірістілігі 997,2 млрд теңгеге жетіп, кірістілігі 8,85 - 8,96% аралығында болды. 28-күндік ноттар бойынша кірістілігі 9,12% құрады, жартты жылдық ноттар бойынша - 8,79%. Ноттарға жиынтық сұраным ұсынымнан 22% артып, 1 801,5 млрд теңгені құрады.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

**Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Доллар бағамы бір аптада 1,1% немесе 3,61 теңгеден 320,66 теңгеге дейін төмендеді. Бір аптада сауда-саттық көлемі 1 025,4 млн долларға жетті, ол өткен аптамен салыстырғанда 11% артық. Доллар/теңге валюталық жұбы алтыншы апта қатарынан төмендеді. Ұлттық валютаның ревальвациялық қарқыны өткен жылдағыдай көріністі еске түсіреді, доллар алғашқы екі айда 334 теңгеден 311 теңгеге төмендеген болатын. Алайда ағымдағы жылы сауда-саттықтың қаңтар айындағы көлемі 2017 жылғы көлемінен бірнеше есе өскен.

Осы аптада теңге мен рубльді қолдаған мұнайдың қымбаттауы мен салық төлемдері және доллардың әлсіреу фактілері болды. Бейсенбі күні Brent маркалы мұнай бағасы АҚШ-та шикізаттың апталық қоры азаюына қатысты 2014 жылдың желтоқсан айынан бастап, алғаш рет деңгейі 71 долларға жетті, алайда осы деңгейде тұрақтап қалуға әзірше мүмкін болмай тұр.

Ресей рублы долларға қатысты 2017 жылдың 25 сәуірінен бастап максималды мәнінде сатылымда. Жұма күні Қазақстан қор биржасында бағамы 0,0092 теңгеге дейін төмендеп, 5,7350 теңгені құрады, сауда-саттық көлемі - 139 млн рубль.

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**
**Δ %, база (01.01.17)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2017, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 456,17 | +1,3 | +2,7 | +11,3 |
| USDKZT | 319,83 | -1,7 | -3,8 | -4,0 |
| EURKZT | 397,29 | 0,0 | +0,8 | +12,7 |
| CNYKZT | 50,61 | -0,1 | -0,3 | +5,4 |
| RUBKZT | 5,73 | -0,2 | -0,5 | +5,5 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**
**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 2 872,87 | 2,2 | 7,1 | 25,1 | 2,3 |
| Dow Jones | 26 616,71 | 2,1 | 7,4 | 32,4 | 2,1 |
| РТС | 1 286,70 | 1,2 | 12,0 | 10,6 | 0,8 |
| ММВБ | 2 295,26 | 0,4 | 9,0 | 3,0 | 0,8 |
| Hang Seng | 33 154,12 | 2,8 | 12,0 | 41,8 | 2,9 |
| SS CSI 300 | 4 381,30 | 2,2 | 9,8 | 29,3 | 2,4 |
| Euro Stoxx 50 | 3 647,41 | 0,0 | 2,7 | 9,9 | 0,0 |
| FTSEuroFirst | 4 433,50 | -0,2 | 2,3 | 7,8 | -0,2 |
| FTSE 100 | 7 665,54 | -0,8 | 0,6 | 7,0 | -0,8 |
| KASE | 2 360,46 | 1,8 | 9,9 | 58,5 | |

## Шикізат нарығы 26.01.2018

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а |
|---|---|---|---|
| Мұнай | 70,52 | 2,8 | 6,1 |
| | 66,14 | 4,4 | 10,9 |
| Табиғи газ | 3,51 | 10,0 | 28,0 |
| Мыс | 319,90 | 0,4 | -1,8 |
| Темір | 576,50 | 10,4 | 17,9 |
| Алтын | 1 349,12 | 1,3 | 4,8 |
| Күміс | 17,44 | 2,4 | 4,9 |
| Астық | 441,00 | 4,3 | 3,0 |

## Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 30.01 | Тұтынушылардың сенім индексі CB (қаңтар) | USD | 123,0 | 122,1 |
| 31.01 | Өңдеу секторындағы PMI (қаңтар) | CNY | 51,5 | 51,6 |
| 31.01 | АҚШ президенті Трамптың сөзі | USD | | |
| 31.01 | Тұтыну бағаларының индексі (ж/ ж) (қаңтар) | EUR | 1,3% | 1,4% |
| 31.01 | Шикі мұнай қоры | USD | -1,600M | -1,071M |
| 31.01 | ФРЖ сыйақы мөлшерлемесі туралы шешім | USD | 1,50% | 1,50% |
| 02.02 | Жұмыссыздық деңгейі (қаңтар) | USD | 4,1% | 4,1% |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 7,1 % | 01.01.18 | 8,5 % |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 115 | 01.01.18 | 29 530 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 5 538,7 | 01.01.18 | 5 162,2 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 19 456,0 | 01.01.18 | 19 912,6 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 16.01.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 негативті |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 20.10.17 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ  (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді.  KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін  инвестициядан  табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE  инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары  KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ  2018